

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Алаш жұртының айрықша шежіресі

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/171895/

Тақырыбы: Алаш жұртының айрықша шежіресі

Иә, Ұлы Дала-ұлы кеңістік, құт мекеніміз. Бабалардың рухы, тұлпарлардың ізі қалған ұлан-байтақ даламыздың қарыс жері қымбат.

Ерлердің қаны мен Аналардың көз жасы сіңген қасиетті Атамекенді ұрпақтарға ұғындыру-қашан да күн тәртібінен түсеуі керек.

Осы тұрғыдан келгенде аталған мақаланың тарихи маңызы зор. Ұлтымызға аса қажетті құжат екендегі рас. Екі бөлімнен тұратын танымдық толғам көненің көзі болып шартараптан сыр шертеді. Қай бөлімнен алып қарасақта, байтақ даламыздың асты-үстіндегі байлықты сеземіз һәм көреміз. Маған ерекше бір әсер еткені бірінші бөлімдегі "Атқа міну мәдениеті".

Бәріміз де ауылда туып-өстік. Жылқыға жақын болдық. Бұрынғы кезде жылқысыз қазақты елестету мүмкін емес еді. Халық даналығында "Қазақ-жылқы мінездес", "Ат-ердің қанаты", "Жақсы ат-жауда қалдырмайды", "Биенің сүті-сары бал" дейтін ғажап сөздер бар. Осыған қарап-ақ, біздің халқымыз Қамбар атаның төлін қалай қадір тұтып, қастерлегенін көруге болады.

Мақала мазмұны өткен тарихқа өткелі болып, көне дәуірлерге жетелейді. Қиялықа қанат бітіріп, өзінің арғы түп-тамырыңды түгелдейсің. Сәл елестетіп көрейікші:

....Бағзы бір дәуірде Ұлы Даладағы Ботай қонысында боз айғырдың үйіріндегі боз биенің арда емген асау тайына Алаштың арғы бабасы бұғалық тастап, мінуге көндірген екен. Жабайы жылқының арқасына қонған адамзат баласы қара жерден табаны ажырап, бір метр биіктікте шексіз өркениетке тұңғыш қадам жасады. Ұлы Далада асауды үйретіп, адамзатта алғашқы болып атқа қонған атамызға қолайлы бір күнді мереке қылып берсек те, артық болмас еді. Жылқының жанындай жақсы көріп, әспеттеген Елбасымыздың осынау өзекті мақаласының аясында тағы бір ойдың шеті шығады. Алла Тағала Алаштың алдына жылқы салған. Осының қызығын көрсін деп. Сол аманатты біз орындауға тиіспіз ғой. Баяғы ата-бабаларымыз мұны жақсы түсінген. Кең даламызды

жылқыға толтырған.Бүгінде республикамыздағы игерілмей бос жатқан жерлердің барлығын жылқы шаруашылығына айналдырса болар еді.

Қазақстандағы қала, аудан, ауылдардағы сырхана нүктелерінің бәрін жауып, қымызхана қылса, қандай ғанибет болар еді.

Өңештерге өзен болып құйылған сұмырай сыраның орнын табиғи күш-қуаты, дәрумендік емі бар бал қымыз басса, қандай жарасымды болар еді. Атқа міну мәдениетімен қатар, қымыз ішу салтын да өмірімізге ендіру қажет деп ойлаймын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған осынау қайырлы істі халық болып қолдап жатсақ, бірлігі жарасқан берекелі ел екендігіміз білінер. Кеше атты қырдың астында алтыны жатыр Алаштың деуші едік, ал бүгінде жеті қырдың үстінен тіл қатып тұр Тарихым!

Қуан қазақ!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.